

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БОЛАШАҚТА ЭТНОСАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУДАҒЫ
ЭТНОСАЯСИ ЖАҢАРУЫНЫҢ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫ

ЖОСПАРЫ

- Этносаралық қарым-қатынасты нығайтудың қазіргі жағдайы және Қазақстан Республикасында этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімді сақтаудың негізгі проблемалары
- Жаңа экономикалық және әлеуметтік талаптарға Қазақстанның саяси және әлеуметтік менталитетінің бейімделуі
- ҚР этноұлттық саясаты мен тәуелсіздігін нығайту, ұлттың ішкі бірлігін қамтамасыз ету және әр алуандықты сақтауда келешектегі жаңаруы



«Ассамблея Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бір белгісіне айналды, ол барлық этностардың мүдделерін бірарнаға тоғыстырады, ұлттың тегіне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді».

Н.Ә. Назарбаев.

- 
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ассамблеяның XIV сессиясында сөйлеген сөзінде Ассамблея қызметінің басты қағидаларын айқындап берді:
 - Қазақстандағы этностық, конфессиялық, мәдени және тіл ерекшеліктерін;
 - этностардың мәдениеті мен тілдерін дамытуға мемлекет тарапынан жасалып жатқан жағдайлар туралы;
 - сондай-ақ, қазақ ұлтының толеранттылығы мен жауапкершілігін;
 - қазақ этносының ынтымақтастықты нығайтудағы рөлін;
 - Қазақстан халқының бірлігі екендігін, – нақты көрсеткен болатын.

БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН 130-ДАН АСТАМ ЭТНОС ӨКІЛДЕРІНЕН
ТҰРАТЫН 17 МИЛЛИОН ХАЛҚЫ БАР ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ.
ЖАЛПЫ, КӨПЭТНОСТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТАРИХИ
СЫН САҒАТТАРДА ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ТҰРАҚТЫ БОЛУЫ, ЕҢ
АЛДЫМЕН, ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІНЕН, ЯҒНИ
ОНЫҢ ДАНАЛЫҒЫ, КЕҢДІГІ ДЕУГЕ БОЛАР.



- Қазіргі таңда Қазақстан әлемге діни бейбітшілік орнатудың бастамашысы ретінде танылған мемлекет. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елдегі дін төңірегінде туындаған дүрдараздықтарды ауыздықтауға, мәселелерді бейбіт жолмен шешуге зор үлес қосып келеді. Елбасының халыққа арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында еліміздің келешек даму стратегиясын айқындап, дін саласына қатысты бірқатар түйткілді мәселелер көтеріп, оны шешу жолдарын жан-жақты қарастырып өтті.

Ұзақ жылдар бойы елімізде әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың бейбітшілікте өмір сүруінің теңдессіз тәжірибесі жиналды және де оған әлемдегі басқа мемлекеттер жиі-жиі көз қырын салуда. Полиэтникалық қоғамның қазақстандық моделінің қалыптасуы мен бекуіне көпшілік жағдайда қызметі этникааралық және конфессияаралық келісімді бекітуге бағытталған теңдессіз институт - Қазақстан халқы Ассамблеясы көмектесті.



- Әлемдік және дәстүрлі діндердің алғашқы төрт съезі біздің елімізде өтті. ХХІ ғасырда Қазақстан Шығыс пен Батыстың үнқатысуы мен өзара іс-қимылының көпірі болуға тиіс. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды» - деп көрсетті.



- Жаңа әлеуметтік экономика – халықтың көп бөлігінің миға қонымды материалдық және рухани қажеттіліктерін үйлесімді тұрғыда қамтамасыз ететін экономика. Бұл әлеуметтік экономиканың жаңа заманғы қоғамның негізі болып табылатын орта тапты қалыптастыратын экономикалық даму жүйесінің сатысы болып табылатындығын көрсетеді.
- Әлеуметтік экономика – барлық кең мағынадағы өндіріс санаты. Ол экономикалық ресурстардың шектеулі жағдайындағы өндіріс үдерісін, материалдық байлық пен қызметті тарату мен тұтынуды қамтиды. Оның мағынасы бір бірімен байланыссыз өндірістің жекелеген бөліктерін қарастырған кезде толығымен ашылмайды.

БІЗ ҮШІН ОРТАҚ ТАҒДЫР –БҰЛ БІЗДІҢ МӘҢГІЛІК ЕЛ, ЛАЙЫҚТЫ ӘРІ ҰЛЫ
ҚАЗАҚСТАН! МӘҢГІЛІК ЕЛ

—
ЖАЛПЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОРТАҚ ШАҢЫРАҒЫМЫЗДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ. БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ АРМАНЫ



- Тілдік сана-сезім этникалық сана-сезімнің негізгі белгісі болып табылады. Өйткені тіл тұлғаның және халықтың өзіндік бірегейленуінде анықтауыш рөлге ие. Тілдің табиғатында әлемнің этникалық картинасы құралып, қалыптасады. Тілдің тұжырымдық жүйесі, сөздік құрамы өз ішінде тек қана сөздерді ғана біріктіріп қана қоймайды, сонымен қатар әр этностың мәдени тұжырымдамалары мен оның дүниетанымын көрсетеді. Бұл жөнінде орыстың белгілі мәдениеттанушысы Г.П.Федотовтың айтқаны бар: «Тіл халықтың мәдениетін қалыптастыратын қанмен берілетін рухани бірлік пен ерекше құндылықтың патшасы ретіндегі этностың аты, есімі болып табылады»

- Бүгінгі күні Қазақстандағы төзімділік, бейбітшілік пен амандықтың көзі болып табылатын, қазіргі заманның нақтылығына айналған басты құндылықтардың бірі, бүкіл қазақстандықтардың ауызбірлігінің негізі және ел басшылығының ішкі саяси бағыттағы саясатының негізгі құрамдас бөлігі. Сонымен қатар, еліміздегі төзімділік – Қазақстан Республикасының халықаралық кеңістіктегі оң имиджінің негізгі құрамдас бөлігі. Халықаралық қауымдастықта біздің елімізді мемлекеттегі ішкі саяси ахуалы аса қолайлы мемлекет деп біледі. Сонымен қатар, елімізде этносаралық және конфессияаралық жанжалдардың жоқ болуы, ішкі саяси тұрақтылықтың нық орнағандығы елімізді 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ұнтымақтастық Ұйымына төрағалық етуші мемлекетті әрі аталған беделді ұйым Саммитінің өткізілу орнын таңдау барысындағы айқын алғышарттарына айналды.
- Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық үндесудің өз үлгісін қалыптастыра алды, оны басқа елдерге де өз саясаттарын қалыптастыру барысында пайдалану үшін ұсынуға болады: «Күні кеше ғана дүниенің төрт бұрышына бірдей айқара құшақ ашқан бүгінгі Қазақстанның символындай болған дәл осы сәулетті ғимаратта бас қосқан ислам, христиандық, яһуди, будда және басқа дін өкілдері біз ұстанған осы саясатты ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімнің әлемдегі ең үздік моделі ретінде бағалап, Қазақстанды дүние жүзіндегі бейбітшілік пен келісім аймағы деп жариялады».



- Жоғары технологиялар ғасыры, ақпараттық ғасыр аталған ХХІ ғасыр жаппай жаһанданумен, экономикалардың бірігуімен, көші-қон процестерінің жандануымен, мәдени өзара кірігумен сипатталады. Бұл процестердің оң салдарларымен қатар, рухани өмірдің оңтайлануымен, дүниетанымдық және құндылықты дағдарыстың шиеленісуімен байланысты кері жағы да бар. Бұл жағдайларда, Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында атап кеткендей, аса маңызды стратегиялық міндет – барлық қоғамды біріктіріп, табысының негізіне айналатын Жаңа Қазақстандық Патриотизмді қалыптастыру: «Қазақстан – біздің жеріміз. Бұл жер әрқашанда біздің ата-бабамыздың жері болған. Ол енді біздің ұрпақтың жері болмақ». Жаңа Қазақстандық Патриотизмді тәрбиелеу процесінің тұтастығы мен бірізділігі тек егер ол елдің өткеніне құрметпен қарауды қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар, қазіргі Қазақстанның құндылықтары мен жетістіктерін меңгеруге табиғи байланысты таралған жағдайда қамтамасыз етілуі мүмкін.



- Дамыған полиэтникалық мемлекеттердің іс-тәжірибесінде этносаяси процестердің бейбіт әрі демократиялық жолмен қалыптасып, өріс алуына ықпал ететін 2 фактор: материалдық және рухани құндылықтар заманауи талаптарға сай талданады. Мемлекетті мекен ететін әрбір этникалық топтың материалдық-экономикалық қажеттіліктері мен діни-рухани құндылықтары тарихи-мәдени негізде қанағаттандырылмаса, сол мемлекетте этносаралық татулық пен өзара келісім болмайды. Қазақстан өзінің даму жолында теңдесі жоқ экономикалық принциптерді басшылыққа алып, халықтың әлеуметтік потенциалын арттыруда. Түрлі этнос өкілдерінің экономикалық қабілеттері заңмен кепілденіп, қорғалады. Кез келген қазақстандық бизнестің қай түрімен айналысамын десе, еңбек рыногының қай бұрышынан орын аламын десе, мемлекеттік қызметке тұрамын десе – ерікті. Ал, осындай заңмен белгіленген еріктер мен заңды мүдделерді азаматтық-құқықтық қоғамда өркениеттілік принципімен сақтап, әділ жолға салудың рухани-мәдени толықтырушы элементі ретінде дін және конфессияаралық қатынастар мәселесі тереңінен сипатталады.

- Қазақстандағы діндер тағдырының Кеңес өкіметі кезінде атеистік бағытта тұншықтырылып келгені барлығымызға белгілі. Ал, тәуелсіздік алғаннан кейін жағдай өзгеріп, халықтың дінге көзқарасы мен наным-сенімі бостандық жолымен және құқық кепілдерімен дами бастады. Қазақстан аумағында бір де бір дінге артықшылықтар беріліп, басшылық позициясы қолданылмады, ешқандай дін мемлекеттік статусын иеленбеді, теократиялық мемлекет басқару дәстүріне ешқашан жол берілмеді, либерализм мен діни өзара теңдік қағидасы сақталуда. Сондықтан да Қазақстанда тұрақты конфессияаралық татулық пен келісім қалыптасып, өз негізін қалады.



- Бүгінде Қазақстан –бұл бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша посткеңестік мемлекеттер арасында көшбасшы болып табылатын дамушы ел. Тарих тұрғысынан алып қарағанда жас мемлекет болып табылатын
- Қазіргі Қазақстанның жетістіктері еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атымен тығыз байланысты болуы сөзсіз факт. Ел басына ауыр екіталай жылдары, мемлекеттілікті сақтау туралы сұрақ аса шиеленіскен кезде келіп, Н.Ә. Назарбаев саяси білімпаздық пен стратегиялық көрегендік таныта отырып, ел болашағы үшін жауапкершілік алып қана қоймай, сондай-ақ, мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін әзірлеуде және Жаңа Қазақстандық Патриотизм –Мәңгілік Елдің идеялық негізін негіздеуде шешуші роль атқарды.

